

Ана есімін ардақтау – парыз

Қадірлі анам, «Батыр ана» Алданыш Молдағалиқызы жайында естелік

Әлемнің жарық дүниесін сыйлаған, ақ сүтін беріп, аялап өсірген ардақты анасын кім ұмытпақ! Халқымыз: «Анаңның көңіліне қану салма, оның ақ сүтін ақта, тоғыз ай көтерген еңбегіне сай қартайғанда аяла, бақ» десе, мұсылмандық жолында да ана еңбегін биік қояды. «Жұмақтың төрі – ана табанының астында» деп бекер айтпаған.

Әкем Сабыржан Оташұлы да, анам Алданыш Молдағалиқызы да атадан жалғыз болып өскен. Әкемнің ағасы Қоңыржан Ұлы Отан соғысында 1944 жылы хабарсыз кетсе, анамның да бауырлары жастай шегінеген. Олар 1947 жылы үйленіп, отау көтереді. Әкем Латифа Камалқызы (Құлжан бидің шөбересі) 17 жасында келін болып түскен анамды, өз қызындай тәрбиелеп, қазақтың салт-дәстүрін, адет-ғұрпын берік сақтауға, жақсы істерге жол көрсетеді. Әкеміз де анасын қатты сыйлап, сол жылы педучилищені бітірісімен, 21 жасында мұғалімдік қызметін бастайды. Осы қызметте абыройлы еңбек жасап, өмірінің 33 жылын ұстаздыққа арнады. Оның соңғы 14 жылында Амангелді ауданының Жасбуын орта мектебінде директорлық қызметте болды. 1980 жылы 10 қазанда өмірден озғанына, Қазақ ССР, СССР оқу-ағарту ісінің олық қызметкері және Қазақстан мұғалімдерінің V съезіне делегат болған ұстаз.

Әкеміздің өз жұмысында осындай абырой-беделге ие болуына

бірден-бір септігін тигізген жан – ол біздің анамыз Алданыш болатын. Көпбалалы жанұяны өсіру, бағып қағу, тәрбиелеп оқыту, әріне, аз шаруа емес. Оның үстіне бастапқы жұмыстағы жолдасының қабағына кірбің түспеуін, барлық жағдайдың болуын үнемі қадағалайтын. Кішкентайымыздың еңбекке тәрбиеленгендіктен, анамызға көмектесуге біз де құлшынып отырдық.

Анамыздың еңбекке төзімділігі, ұстамды мінезі, салмақты да салмақалы ойлай білетіндігі жастай қалыптасқан. Ата-анасы да қарапайым, еңбекқор жандар еді. Ол жастық кезінен естелік айтқанда, әңгімесін былай сабақтайтын:

- Біздің балалық шағымыз Ұлы Отан соғысымен дал кедді. Соғыс басталғанда 11 жастамын. Әкем – Молдағали майданға аттанды, анам – Әдемі колхоз жұмысында. Барлық ауыртпалық – өзіндей әйелдер мен шал-шауқандардың мойнына түскен заман болды. Сабақтан соң егіннің масағын теруге біз де баратынбыз. Кешкілік қолымызға тиген үлесімді, дорбамен әкелген бидайды, дүірменнен өткізіп, үн қылып, нан пісіреміз. Осындай қиыншылықпен жүріп, оқыған оқуым – 6 сыныптық қана болды.

Бір күні колхоз орталығына барғанымда, байланыс бөлімшесінен қолыма хат ұстатты. Ашып оқысам, әкемнің қатты жаралы болып, емделіп, елге оралатындығы жайында екен. Үш жыл көрмеген

дегі әкеге деген сағыныш қанат байлағандай. Анама сүйінші хабарды айтуға асықтым. Сондағы қуанышымды сөзбен жеткізу қиын, мінші келген атымды жүйткіте шауып отырып, ауылға жеткенім есімнен кетпейді, - деп тоқтады бірде анам.

Кішкентай кезімізден әкеміздің бауырында өстік те, үлкендеріміз анамызды өз атымен атадық. Жалғыз өскен әкемізге інісі есепті болғандықтан, көке деп атауға бала кезімізден дағды алдық. Қазақы ұлттық тәрбиені ата-анамыз өз бойларына қалай сіңірсе, бізді де солай болуға баулады. Өзгеден өзін жоғары қою, өтірік айтпау, дара мақтанушылық сияқты қасиеттерді бойымызға жуықтауға жан саламын.

Кейде анам өткен күндерді еске алып:

- Е, мына шешелерің әкеңнің қай бір сыйлы қонақтарын қонақасымен сыйлап, абыроймен атқармады дейсің, - деп қана қоятын.

Сол бір сәтте ауылдағы бір оқита есіме түскен еді. 1972 жылы совхозға (қазіргі Қарасу ауылы) Дала өлкесі тарихи мұражайына заттар жинауға арнайы іссапармен обком хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков пен райком Сартай Омаров келетін болғасын, совхоз әкімшілігі көкеме қонақасы дайындауға қолқа салады. Осы сияқты атақты да абыройлы кісілер анамның жайған ақ дастарханынан талай дәм татқаны күні бүгінгідей жадымда.

Иә, менің анам – Алданыш Мол-



дағалиқызы соңына өшпес өнеге – үлгі қалдырған аналардың бірі болды. Ш. Жәнібек көшесіндегі 83-1 үйдегі көршілері де «біздің анамыз» деп қатты сыйлайтын. Есік алдындағы орындықтарда кешкілік өзінен кіші апайларға габратты әңгімелерін айтып, сыр-сұхбат құрушы еді. Қазір олар да сол күнді аңсайтындай, ортасында анамыз жоқ. Өзі қарап қызықтайтын, спорт алаңындағы балалар доп теуіп, айналасындағылары жүтіріп ойнауда. Келер күннің қызығын, қуанышы мен бақытын осыларға берсін! – деп тілеймін. Жуырда ана қабіріне барып:

Ұрпағы үшін, халқы үшін,
Жұмсаған Ана бар күшін.
Аллаһтан болып рахым,
Жұмақта нұрың шалқысын! –
деген жазуына тәу еттім.

Сейтқали ОТАШЕВ

Өмірі үлгілі ардагер

Қажырлы еңбегімен қала тарихында есімін қалдырған тұлғаларды насихаттау мақсатында №2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының өнер бөлімінде «Тыңда түлеген өркенді өмір» атты сұхбат-кеш өткізілді. Кештің құрметті мейманы, қаламыздың байырғы тұрғыны, еңбек ардагері – Түгел ЕРНАЗАРОВ.

Кешке Еңбек ардагерінен үлгі алар деген мақсатта қаламыздағы оқу орындарының бірі – Торғай аграрлық-техникалық колледжінің 1 курс оқушылары ұстазымен қатысты. Кешіміз Торғай аграрлық-техникалық колледжінің жас ұстазы, білімнің кітапхананың тұрақты оқырманы – Шыңғыс Кенжалиевтың арнауымен басталды. Кешті ұйымдастырушы әрі жүргізуші Әлия Қарсақбайқызы қонақты жақынырақ таныстырған соң, Қызылқозы тарихына қысқаша шолу жасады. Одан әрі іс-шара сұрақ-жауап түрінде өрбіді.

Түгел ағаның туған жері, жанұясымен, балалық шағымен таныстық. Сол кездегі халықтың жағдайы, жоқшылық заман, соғыс жылдары жайында Түгел ағаның өз аузынан естідік. Соғыс аяқталған соң, халықтың ал-ауахаты сәл жақсара бастады. Түгел ағамызда ел қатарлы мектепке барып, әріп таныды. Ол кісі үлкен ризашылықпен Қияқ, Ержанов Тұраш Ыбышев, Роза Әбдібекова, Қанапия Әбдібеков, Батырхан Балдиқов, Т. Искаков сияқты білімді ұстаздарын еске алды. Сол кісілердің берген білімінің арқасында, Целиноград ауыл-шаруашылық институтын «жерге орналастыру» маманы бойынша бітіріп шығады. Бұл өте «таңсық» мамандық еді.

Арқалық қаласына келіп ауыл-шаруашылық басқармасына инженер-жерге орналастырушы болып жұмысқа араласады. Осы жылдары тың игеру жұмысына



белсене қатысады. Түгел Ернараров жобасы бойынша Ковальский, Аңғар, Арқалық, Қайыңды совхоздарында қосымша жанадан тың жыртылып, игеріледі. Бүгінгі күнге дейін «жер орналастыру» деген көп кездеспейтін мамандықтың хас шебері Түгел ағамыз өз еңбегінің зейнетін көріп отырған жан. Бұл мамандықтан басқа геодезист, топограф, маркшейдер мамандықтарын да игерген. Осы білімінің арқасында, зейнетке шыққаннан кейін де «Алюминкурылыс» ЖШС, Торғай боксит кен басқармасында жұмыс атқарған. Еңбегінің арқасында қалалық, облыстық марапаттарға ие болған. Кеш барысында жастар орында сұрақтар қойып, Түгел ағаның мамандығына деген қызығушылықтарын байқатты.

Өнер бөлімінде ұйымдастырылған «Арқалық – ақ армандар тоғысқан қала» фото көрмесіне шолу жасалды. Кеш аяғында қадірлі қонаққа арналып әсем әннен шаңуу шашылып, жастар естелікке суретке түсті.

Осылайша, қарапайым еңбек адамының өмір жолы айтылып, жастарға үлгі болардай, тәрбиелік мәні бар іс-шара өз мәресіне жетті.

А. ТАМУЕВА,

№2 ОҒӘК бөлім кітапхана-шысы.